

**2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 қыркүйектегі № 1095 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы Қасымовқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>К. Мәсімов</i>	
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы	
Ү к і м е т і н і ң		
2 0 1 1	ж ы л ғ ы	2 3
№	1 0 9 5	қ ы р к ү й е к т е г і
мақұлданған	қ а у л ы с ы м е н	
Жоба		

**2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттама I. Жалпы ережелер**

А. Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумның (бұдан әрі – Меморандум) және осы Қосымша хаттаманың шарттарына сәйкес ағымдағы жобаларды қолдау мақсатында Меморандумға өзгерістер енгізуге келіседі. Жобалар және олардың мақсаттары төмендегі II және III бөлімдерде толық сипатталған. 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Меморандумның барлық басқа міндеттемелері мен шарттары күшінде қалады және толық көлемде қолданылады.

В. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі төменде сипатталған жобалар шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне қосымша көмек көрсету үшін 806200 (сегіз жүз алты мың екі жүз) АҚШ долларын ұсынады. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі Меморандумның және осы Қосымша хаттаманың шарттарына сәйкес Америка Құрама Штаттары Үкіметінің басқа органдар мен жағдай бойынша басқа институттар арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін оқып үйренуге ақшалай қаражат бөлу арқылы тиісті оқытуды және жабдықты ұсынады.

С. Осы Қосымша хаттамада көзделетін қаржы Қазақстан Республикасының Үкіметіне :

- 1) есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрестегі күш-жігерде;
- 2) адамдарды сатуға, есірткі заттарының, прекурсорлардың және басқа да контрабанданың заңсыз айналымына; террористер мен террористік сипаттағы материалдарды өткізуге; сондай-ақ заңсыз жолмен алынған кірістерді алып өтуге қарсы күрес мақсатында шекара қауіпсіздігін күшейтуде;
- 3) адамдарды сатуға қарсы іс-қимылда;
- 4) есірткіге сұранысты азайту мақсатында қабылданып жатқан іс-қимылда;
- 5) заңсыз жолмен алынған табысты жылыстатуға қарсы іс-қимылда көмек көрсетуге бағытталған бес жобаға қолданылады.

Д. Осы жобаларды қолдауда Тараптардың қабылдайтын іс-қимылдары мен ұсынатын ресурстары төменде көрсетілген.

Е. Осы жобалар бойынша қаржыландыруды бөлу Америка Құрама Штаттары Конгресінің жыл сайынғы мақұлдауы мен қорларға ақша бөлуіне, сондай-ақ оларды Америка Құрама Штаттары Мемлекеттік Департаментінің бекітуіне байланысты.

Ғ. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі немесе Америка Құрама Штаттарының Үкіметі қаржыландырған жеке тұлға немесе ұйым осы Меморандум шеңберінде әкелінетін және (немесе) әкетілетін кез келген мүлік немесе қаржы қаражаты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес салық төлеуден, әртүрлі тарифтік төлемдерден, алымдар мен импортқа салынатын салықтардан және басқа да салықтардан немесе осындай алымдардан босатылады, ал кедендік баж Кеден одағының кеден заңнамасына сәйкес босатылады.

Қосымша құны салығын қайтару Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

## **II. Жобалардың сипаты, мақсаттары және бағалау А. Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі жоба**

1. Осы жоба құқық қорғау органдарының әлеуетін нығайту және өңірлік ынтымақтастықты алға жылжыту арқылы есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес саласында Қазақстанның күш-жігеріне көмек көрсетуге бағытталған. Қаржы қаражаты м ы н а д а й б а с т а м а л а р д ы :

- Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын жетілдіруге жәрдемдесу мақсатында есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы заңнама мен басқа елдердің үздік тәжірибесі туралы ақпарат беруді;

- тергеу жүргізуде және есірткінің заңсыз айналымымен айналысатын адамдарды жауапкершілікке тартуда Қазақстанның әлеуетін жетілдіру мақсатында оқыту және б а с қ а і с - ш а р а л а р ө т к і з у д і ;

- құқық қорғау институттарының есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі пәндерінің оқытушылары үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізуді;

- Алматы қаласындағы Ішкі істер министрлігі академиясының Есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі ведомствоаралық оқу орталығының және басқа да білім беру институттарының базасында құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін оқыту к у р с т а р ы н ө т к і з у д і ;

- халықаралық конференциялар, танысу және алмасу сапарларын ұйымдастыруды;

- кинолог мамандар үшін иттерді есірткі іздеуге үйрету бойынша оқыту іс-шараларын өткізуді қолдауға жіберіледі.

2) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:

- нұсқаушыларды, сарапшыларды және қажетті оқу материалдарын ұсынады;

- жобаның мақсаттары үшін қажетті сатып алулар жүргізеді;

- жобаның талаптарына жауап беретін құжаттарды ұсыну бойынша қазақстандық тараптан семинарға қатысушыларға көлік шығыстарын өтейді;

- қатысу үшін алыстан келген қазақстандық қатысушыларға тәуліктік ақы береді.

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- оқу іс-шараларын өткізуге арналған орынмен қамтамасыз етеді;

- есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес мәселелері және оқу іс-шараларына қатысы бар басқа да мәселелер бойынша ұлттық заңнама саласында мамандар болып табылатын тең нұсқаушыларды ұсынады;

- жоба үшін қажетті ақпаратты (толық аты, туған күні мен туған жері, атағы, лауазымы және жұмыс орны) қоса алғанда, оқу іс-шараларына қатысу үшін ұсынылған кандидаттардың тізімін іс-шара басталғанға дейін 15 жұмыс күнінен кешіктірмей

ұ с ы н а д ы ;

- Америка Құрама Штаттарының Астана қаласындағы Елшілігіне жобаны іске асырудың әрбір жылы үшін алынған есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың саны, есірткінің заңсыз айналымына байланысты ашылған қылмыстардың саны; және өндірістегі істер мен есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды жасағаны үшін шығарылған үкімдер саны туралы статистикалық деректерді ресми арналар бойынша келесі жылдың 31 қаңтарынан к е ш і к т і р м е й ұ с ы н а д ы .

4) Жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемдер бойынша б а ғ а л а н а д ы :

- жоғары тұрған басшылар, сарапшылар мен оқытушылар оқу іс-шаралары шеңберінде немесе техникалық жәрдем көрсету арқылы алынған дағдыларды тергеуде және жедел іс-шараларын өткізуде колданыланатынын растайды;

- өткен жылмен салыстырғанда кинологиялық топтардың көмегімен табысты өткізілген тексерулер мен тергеулер санының 10 пайызға артуы;

- қол жеткізілген табыстар мен келешектегі ынтымақтастық бойынша басымдықтарды өзара бағалау негізінде Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының есірткіге қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық стратегиясын қайта қарау және/немесе түзету.

## **В. Шекара қауіпсіздігін жақсарту жөніндегі жоба**

1) Осы жоба Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясы (бұдан әрі – Шекара академиясы) мен басқа да елдердің білім беру институттары арасындағы кәсіби қатынастарды қолдайды. Жоба шеңберінде Шекара академиясының ағылшын тілінің қажетті дағдыларын меңгерген түлектері мен оқытушыларын Америка Құрама Штаттарының немесе басқа елдердің құқық қорғау органдары оқу орындарының мамандандырылған курстарына жіберуде қолдау к ө р с е т і л е д і .

Осы жоба қызметтік иттерді есірткі, жарылғыш заттарды және басқа да контрабанданы іздеуге үйрету бойынша кинолог мамандар үшін біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру, сондай-ақ кинологиялық қызметтердің ғылыми әлеуетін дамыту арқылы кинология саласында жәрдем көрсетуді жалғастырады. Жоба шеңберінде кинологиялық топтардың есірткіні анықтаудағы қабілетін арттыру мақсатында Шекара қызметінің Орталық питомнигіне жабдық ұсынылады.

Қаржы қаражаты есірткінің заңсыз айналымымен айналысатын адамдардың бағдарлану әдістемесі, жасыру тактикасы және шекара қауіпсіздігі саласына жататын басқа да тақырыптар бойынша Шекара қызметі қызметкерлеріне арналған мамандандырылған оқытуды ұйымдастыру үшін пайдаланылады.

## 2) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:

- жобаның мақсаттары үшін қажетті сатып алулар жүргізеді;
- нұсқаушылар мен оқу материалдарын ұсынады;
- жоба талаптарына жауап беретін құжаттар ұсыну бойынша қазақстандық тараптан оқу семинарына қатысушыларға көліктік шығыстарды өтейді;
- оқу іс-шараларына қатысу үшін алыстан келген қазақстандық қатысушыларға т ә у л і к т і к а қ ы ұ с ы н а д ы ;
- Америка Құрама Штаттары Үкіметінің қаржыландыруы есебінен өткізілетін алда болатын тренингтер мен семинарлар туралы ақпаратты іс-шаралар басталғанға дейін 30 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

## 3) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасау мәселелері және оқу іс-шараларына қатысы бар басқа да мәселелер бойынша ұлттық заңнама саласында мамандар болып табылатын тең нұсқаушыларды ұсынады;
- оқу іс-шараларын өткізу үшін орынмен қамтамасыз етеді;
- оқу процесі үшін қолда бар жабдықты ұсынады;
- қажетті ақпаратты (толық аты, туған күні мен туған жері, атағы, лауазымы және жұмыс орны) қоса алғанда, оқу іс-шараларына қатысу үшін ұсынылған кандидаттардың тізімін іс-шара басталғанға дейін 15 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады;
- Америка Құрама Штаттарының Астана қаласындағы Елшілігіне жобаны іске асырудың әр жылы үшін алынған есірткінің, психотроптық заттардың, прекурсорлардың, өткізу пункттерінде ұсталған заңсыз мигранттардың, контрабандалық тауарлардың саны туралы статистикалық деректерді ресми арналар арқылы келесі жылдың 31 қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

## 4) Жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемдер бойынша бағаланады :

- жоба аяқталғаннан кейін кинологиялық топтарды оқыту үшін Шекара қызметі базасының жағдайлары жақсаратын болады;
- кинологиялық қызметтердің ғылыми әлеуеті артады;
- есірткінің заңсыз айналымымен айналысатын адамдардың бағдарлануы, жасыру тактикасы мәселелері мен шекара қауіпсіздігі саласындағы басқа да тақырыптар бойынша мамандандырылған оқытудан ойдағыдай өткен Шекара қызметі қ ы з м е т к е р л е р і н і ң с а н ы ;
- қол жеткізілген табыстар мен келешектегі ынтымақтастық бойынша басымдықтарды өзара бағалау негізінде Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының есірткіге қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық стратегиясын қайта қарау және/немесе түзету.

## **С. Адамдарды сатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі жоба 1.1) Адамдарды сату құрбандарын сәйкестендіру**

Адамдарды сату құрбандарын сәйкестендіруді жақсарту бойынша АҚШ-тың Мемлекеттік департаментінің 2010 жылға арналған адамдарды сатуға қарсы күрес жөніндегі жыл сайынғы баяндамасының негізгі ұсынымдарының бірін толық және тиімді іске асыру мақсатында Есірткіге қарсы халықаралық күрес және заңдылықты сақтау бөлімі (INL) адамдарды сатуға қарсы күреске тікелей жауапты полиция қызметкерлерімен бірлесіп, адамдарды сатуға қарсы күрес бойынша тікелей өкілеттіктері жоқ полиция және басқа да мемлекеттік органдардың қызметкерлерін оқытады. Оқу бағдарламасы Ішкі істер министрлігінің учаскелік инспекторларын, жедел кезекшілері мен патрульдік-бекет қызметкерлерін, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің еңбек инспекторларын, Сыртқы істер министрлігінің консулдық қызмет қызметкерлерін, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі қызметкерлерін және Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық персоналын оқытуды қамтиды. Бұл мемлекеттік қызметшілер, егер күнделікті жұмыста адамдарды сатудың жасырын белгілерін тануды және одан әрі тергеу үшін уәкілетті органдарға деректер жіберуді оқып үйренсе, адамдарды сату құрбандарын сәйкестендіруге үлкен үлес қоса алар еді.

### **1.2) Адамдарды сатуға байланысты қылмыстарды анықтау және тергеу**

INL құқық қорғау органдары мен сот жүйесін реформалау шеңберінде негізгі уәкілетті ведомстволарды құрылымдауды ескере отырып, адамдарды сатуға байланысты қылмыстарды анықтау және тергеу бойынша полиция қызметкерлерінің әлеуетін арттыру бағдарламасын жалғастырады. INL Криминалдық полиция комитетінің адамдарды сатуға қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшелерінің полиция қызметкерлерін және ПМ-нің жаңадан құрылған Көші-қон полициясы комитеті бөлімшелері қызметкерлерін оқыту бағдарламасын жалғастырады, сондай-ақ ПМ Тергеу комитетінің тергеушілері үшін жаңа оқу бағдарламасын бастайды.

### **1.3) Адамдарды сатушыларды қылмыстық қудалау және жауапкершілікке тарту**

Сот жүйесі реформасы тергеу сатысында прокурорлар мен судьялардың рөлін күшейтуге және адамдарды сату жөніндегі істерді тергеу және олар бойынша қылмыстық қудалауда оларды бақылауды күшейтуге бағытталған. INL қылмыстық қудалау мен адамдарды сатушыларды жауапкершілікке тарту фактілерін көбейту мақсатында адам сату істері бойынша қылмыстық үдерістің анықтаудан бастап сотта

талқылауға дейін барлық кезеңдерін түсіндіру үшін прокурорлар мен судьяларды оқытуды жалғастырады.

2) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:

халықаралық және жергілікті сарапшылар мен оқу материалдарын ұсынады; жобаның мақсаттары үшін қажетті сатып алулар жүргізеді; жобаның мақсаттары сәйкес басқа елдермен адамдарды сатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды үйлестіреді.

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

оқу іс-шараларын өткізу үшін орынмен қамтамасыз етеді; адамдарды сатуға қарсы іс-қимыл мәселелеріне және оқу іс-шараларына қатысы бар басқа да мәселелер бойынша ұлттық заңнама саласында мамандар болып табылатын тең нұсқаушыларды ұсынады;

қажетті ақпаратты (толық аты, туған күні мен туған жері, атағы, лауазымы және жұмыс орны) қоса алғанда, оқу іс-шараларына қатысу үшін ұсынылған кандидаттардың тізімін іс-шара басталғанға дейін 15 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады;

Америка Құрама Штаттарының Астана қаласындағы Елшілігіне жобаны іске асырудың әрбір жылы үшін Қазақстан Республикасындағы тұтқындаулардың, іс жүргізудегі істердің және шығарылған сот үкімдерінің саны бойынша статистикалық деректерді ресми арналар арқылы келесі жылдың 31 қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

4) Жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемдер бойынша бағаланады:

құрбандарды сәйкестендіру бойынша оқу іс-шараларына қатысқан офицерлер саны; адамдарды сатуға байланысты қылмыстарды анықтау және тергеу жөніндегі оқу іс-шараларына қатысқан полиция қызметкерлерінің саны; адамдарды сатушыларды қылмыстық қудалау және жауапкершілікке тарту мәселелері бойынша оқу іс-шараларына қатысқан прокурорлар мен судьялардың саны; ойдағыдай тергелген істер, қылмыстық қудалау фактілері мен жауапкершілікке тарту фактілері санының артуы; адам саудасы құрбандарын сәйкестендіру фактілерінің артуы.

## **D. Есірткіге сұранысты азайту бойынша шараларды күшейту жөніндегі жоба**

1) Осы жоба шеңберінде мектеп қызметкерлерін, мектеп инспекторларын, сондай-ақ өңірлерде өз әріптестерін оқытатын нұсқаушыларды оқыту үшін Білім және ғылым министрлігімен және басқа да тиісті ведомстволармен жұмыс жалғасуда. Оған қоса, жоба нашақорлықтың профилактикасында ата-аналардың белсенді қатысуына және ата-аналар, мектеп қызметкерлері мен инспекторлар арасындағы ынтымақтастыққа ықпал етеді. Жобаны қаржыландыру ақпараттық науқандар өткізуге,

оқу материалдарын шығаруға, нашақорлықтың алдын алуға арналған қоғамдық ақпарат пен ресурстарды арттыру үшін семинарлар мен оқу іс-шараларын өткізуге бағытталған.

2) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:

- нұсқаушылар мен қажетті оқу материалдарын ұсынады;
- техникалық көмек көрсетеді және консультанттарды ұсынады;
- Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары Үкіметтерінің өзара шешімі бойынша қажетті жабдықты ұсынады.

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- оқу іс-шараларын өткізу үшін орынмен қамтамасыз етеді;
- қолда бар оқу жабдығын ұсынады;
- жобаға қатысу үшін ұсынылған кандидаттардың тізімін (толық аты, туған күні мен туған жері, атағы, лауазымы және ұйым) іс-шара басталғанға дейін 15 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

4) Жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемдер бойынша бағаланады:

халықтың әлсіз топтарын қамтитын, ақпараттық науқандар; үкіметтік емес, әлеуметтік және жастар ұйымдары әзірлеген және жүзеге асырған ақпараттық насихат бағдарламаларының кемінде төртеуінің бірінде мектептердің, полицияның кем дегенде 100 қызметкері және/немесе ата-ананың қатысуы. Іріктелген аудиторияның 75%-ы мақсатты хабарламаны айта алуы тиіс.

## **Е. Заңсыз жолмен алынған кірісті жылыстатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі жоба**

1) Жоба шеңберінде құқық қорғау органдарының және мемлекеттік агенттіктердің қызметкерлерін, сондай-ақ жеке сектор өкілдерін оқыту үшін Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитетімен және басқа ведомстволармен жұмыс жалғасуда. Оған қоса заңнама мен қолда бар практиканы заңсыз жолмен алынған кірісті жылыстатуға қарсы күрестегі және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдағы халықаралық стандарттармен одан әрі үйлестіруге ықпал ететін болады. Жоба заңсыз жолмен алынған кірістерді жылыстатуға байланысты қылмыстарды анықтауда, тергеуде және қылмыстық қудалауда барлық мүдделі тараптардың тиімділігін арттыру мақсатында семинарлар мен оқу іс-шараларын қаржыландыратын болады.

2) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:

- нұсқаушыларды және қажетті оқу материалдарын ұсынады;
- техникалық көмек көрсетеді және консультанттарды ұсынады;
- Қазақстан Республикасы және Америка Құрама Штаттары Үкіметтерінің өзара шешімі бойынша қажетті жабдықты ұсынады.

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі:



- оқу іс-шараларын өткізу үшін орынмен қамтамасыз етеді;  
- қолда бар оқу жабдығын ұсынады;  
- жобаға қатысу үшін ұсынылған кандидаттардың тізімін (толық аты, туған күні мен туған жері, атағы, лауазымы және ұйым) іс-шара басталғанға дейін 15 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

4) Жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемдер бойынша бағаланады:

- заңсыз жолмен алынған кірісті жылыстатуға байланысты қылмыстарды тергеу және қылмыстық қудалау саласында оқудан және білімдерін арттырудан ойдағыдай өткен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің саны;  
- әртүрлі мемлекеттік ведомстволардың ойдағыдай білім алған қызметкерлерінің саны және заңсыз жолмен алынған кірісті жылыстатуға қарсы іс-қимыл саласында олардың білімдерін арттыру.

### **III. Бағалаудың жалпы жоспары**

А. Осы Қосымша хаттаманың II-бөлімінің А-Е-тармақтарында көрсетілген жобалардың әрқайсысын бағалау кезінде Тараптар:

1) осы Қосымша хаттамаға қол қойған күннен бастап жылына кемінде бір рет: талқылау сәтінде қол жеткізілген табыстарды; жобаларды жетілдіру немесе оларға өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарды талқылау үшін кездесуге;

2) жобаларға енгізілген бұрынғы өзгерістердің қаншалықты табысты болғанын талдауға келісті.

В. Әрбір жобаның қорытынды кезеңінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Халықаралық есірткіге қарсы күрес және заңдылықты сақтау бюросының (INL) өкілдері болашақтағы жобалардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жетістіктер мен кемшіліктерге жан-жақты сипаттама бере отырып, әрбір жобаны толық бағалауды жүргізеді.

### **IV. Жалпы ережелерге толықтыру**

А. Есірткінің заңсыз айналымының анықтамасы

Заңсыз мақсатта егу, өндіру, дайындау, тарату, сату, қаржыландыру немесе тасымалдау мақсатында қабылданған кез келген әрекет есірткінің заңсыз айналымын, сондай-ақ есірткі немесе психотроптық заттарға, прекурсорларға немесе басқа да бақыланатын заттарға жататын, заңсыз жолмен алынған кірістерді жылыстатуды (алып өту, басқа шотқа аудару, қайта ұйымдастыру, басқа валютаға айналдыру немесе заңсыз жолмен алынған кірістердің немесе ізін шынайы шығу жерін, көзін, бөлінуін, қозғалысын немесе тиістілігін жасыру немесе жабу мақсатында заңды жолмен алынған

кірістермен араластыру үдерісі ретінде айқындалады) қоса алғанда, кез келген құқық бұзушылықты жасау мақсатында қылмысқа астыртын дем беру, өршіту, қатысу және қылмыстық келісімге келуді білдіреді.

В . Қ а р ж ы а у д и т і

Үздіксіз қаржыландыру жағдайында Америка Құрама Штаттары Үкіметінің есептілігі бойынша ағымдағы бақылау талаптарына сәйкес қаржыландыруға жыл сайын тексеру (аудит) жүргізіледі.

## V. Қорытынды

Осы Қосымша хаттама оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және өзінің қолданылуын Тараптар осы Қосымша хаттамада көзделген барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін тоқтатады.

2011 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ Астана қаласында әрқайсысының бірдей заңды күші бар қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды.

*Қазақстан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Америка Құрама Штаттарының*

*Үкіметі үшін*